

Н ТУЫ

НИҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

декабрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Қысқы агротехникалық шаралар—егін шығымдылығын арттыра түсудің негізгі шарттарының бірі.

Әрбір колхоз, совхозда қысқы агротехникалық шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етейік!

лық негізі

станциялары трактор тілейтін жұмыстары, қар тоқтатуда едәуір нақтылы

лық шаралардың ең бірі — жергілікті жыйнау жұмысына еңбекшілерін жүрбір шаруашылықта,

н үйлер жанында күл бар. Бұлар — аңайтып, егін шығуға әсерін тигізетін едәуірлері мен совхозадирлер мен бөлім тыңайтқыштардың ұйымдастыруды таңайтқыштарды мол бітпейді. Олардың жете назар аудары-

лық шараларды жүрдір ұйымдастырушы міндетті. Олар қысқы алардың агрономия-жүзеге асырылуын іс. Алайда, бізге кей-ы агротехникалық асыру жұмысын

Қар тоқтату графигі әрбір шаруашылықта мүлтіксіз орындалсын

Мол өнім үшін күрес

Быттыр Чистов совхозының № 4 бөлімшесінің коллективі барлық егіс көлемінде қар тоқтату жұмыстарын сапалы жүргізді. Егіншілер қар тоқтатудың әртүрлі тәсілдерін қолданып, егістік алаңға қарды мейлінше қалың тоқтатуға жетісті.

Бөлімшеде қар тоқтату жұмыстары барған сайық механикаландырылуда. Мәселен, өткен жылы трактор қар жыртқыштарымен 3 мың гектар егістік участкаға қар тоқтатылды. Трактор қар жыртқыштарын пайдаланып, жұмысты негізіннен механикаландыру қар тоқтатуды мерзімде және сапалы жүргізуге қолайлы жағдай жасады.

Егіншілер 300 гектар алаңға қарды ноябрь, декабрь айларында тоқтатты. Үстіміздегі жылы олар бұл алаңның әрбір гектарынан мол өнім жыйнады: Сөйтіп, егістік алаңға қарды қалың тоқтатып, олар дәнді дақылдардың шығымдылығын 3—4 центнерге дейін арттырды.

Өткен жылдың үлгісімен бөлімше коллективі қар тоқтату жұмыстарын быйылда өрістетіп жүргізуде. Жұмысшылар мей-

Егін өнімін арттырудың маңызды бір шарасы

Егістік алаңға ылғал жыйнау—егін өнімін арттырудың маңызды шараларының бірі. Өткен жылы Кониюхов ауданындағы «Новый путь» колхозының колхозшылары қар тоқтату жұмысын үлгілі ұйымдастырып, дәнді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттырды.

Осы сыяқты, Полудень ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері быттыр егістік алаңға қарды қалың тоқтатып, ылғалды мол жыйнады. Сөйтіп, бігік егін өсірді. Колхозшылар дәнді дақылдардың шығымдылығын өткен жылдармен салыстырғанда 40 проценттей арттырды.

Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен жігерленген облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарының егіншілері мол өнім жолындағы күресті осы күннен өрістетіп, егістік алаңға қар тоқтату жұмыстарын табандылықпен жүргізуде. Олар басқа агрономиялық шараларды мінеіз жүзеге асырумен бірге, қар тоқтатуды ойдағыдай ұйымдастырып, алдағы жылы дә-

көптеген колхоздары егін өнімін арттырудың мұндай маңызды шарасын жүзеге асыруға әлі күнге дейін кіріскен жоқ. Мамлют, Октябрь және Петропавл аудандарында қар тоқтату жұмыстары осы уақытқа дейін қолға алынбаған. Бұл аудандардың ауылшаруашылық орындарының басшылары, әсіресе, агрономдар қар тоқтату ісін үлгілі ұйымдастыруға мүлдем назар аудармайды. Егістік алаңға қар тоқтату жөнінде тағайындалған графиктің үнемі орындалуын колхоз басшыларынан талап етіп отырмайды.

Соколов ауданындағы Калинин атындағы колхоздағы участоктық агроном Першина жолдас қар тоқтатуда колхозшыларға жеткілікті көмек көрсете алмай жүр. Қайта, керісінше ол жұмыстың бұл участогінде агрономиялық ережелердің өрескел бұрмалануына себепші болған. Бұл колхозда 52 гектар алаңға қар тоқтатын қалқандар орнатылған. Бірақ, ол жұмыс дұрыс жүргізілмеген. Егістік жерге қалқандар өте сирек орнатылған.

Туған елімізде

Москвалықтар өнімнің өзіндік құнын кеміту үшін күресуде

Москва кәсіпорындарының жұмысшылары өнімнің өзіндік құнын кеміту үшін табандылықпен күресуде. Бұл іске рационализаторлар мен жаңалықтапқыштар белсене қатысуда.

Москваның «Красный пролетарий» заводының станок жасаушылары 11 айдың ішінде өнімнің өзіндік құнын 15,2 процент кемітті. Бұл істе өндірістік циклді қысқарту зор роль атқарды. Заводтың ең ірі № 1 механикалық цехында өндіріс циклі 1951 жылғымен салыстырғанда 44 процент қысқартылды.

Москваның «Каучук» заводының қызметшілері Блок, Лесков, Болбот және Пержановский жолдас «Москвич» автомашинасының бөлшектерін әзірлегенде едеттегі резина қосындысының орнына жазға шыдамды резинаны қолдану арқылы 412 мың сомға жуық қаржы үнемдеді. Материалдарды пішудің жаңа әдісін ұсынған стахановшы Метякова жылында 1900 метрге жуық мата және 5800 килограмнан аса резина үнемдейді. Кәсіпорнының коллективі жыл басынан бері барлығы 40 миллион сомнан аса мемлекет қаржысын үнемдеді.

(СОТА).

Колхоз председателінің

бақаралары мен совхоз дирекциялары қар тоқтату жұмысына арнаулы адамдар бөліп, оларға тиісті тапсырмалар тағайындауға, ол тапсырмаларының күнбе-күн мүлтіксіз орындалуына жетісуге міндетті. Қар тоқтату жұмысында барлық әдістер қолданылуға тиіс. Әресе, еңбек өнімін арттыру үшін риджер типті қар тоқтатқыштарды мол дайындап, оларды тиімді пайдалануға жете назар аударылатын болсын. Мұнымен бірге, қарды еңалдымен күздік пен көпжылдық шөп егілген алаңдарға мол тоқтатуға айырықша көңіл бөлінуге тиіс.

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік

СВЕРДЛОВСК. Қалада жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік басталды. Аудандық Совет атқару комитеттері председателдерінің, секретарьлары мен бөлім меңгерушілерінің кеңесі болып өтті. Кеңесте алдағы сайлау қарсаңындағы науқандарға байланысты ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

НОВОСИБИРСК. Новосибирь облыстық атқару комитеті аудандық Совет атқару комитеттері председателдері орынбасарларының жергілікті Советтердің алдағы сайлауына әзірлік мәселелері жөнінде семинарын өткізді. Жергілікті жерлерде сайлаушылардың санын анықтау, сайлау округтері мен участоктерінің шекараларын белгілеу, оларға үй әзірлеу басталды.

Партия ұйымдары үгітшілер коллективтерінің құрамын шығайтуда, олардың таяу уақыттағы жұмыстарының жоспарларын белгілеуде. Участоктерде үгітшілер советтік демократия, Сталиндік Конституция, партияның XIX съезінің тарихи қарарлары туралы әңгімелер өткізін жүр.

ГОРЬКИЙ. Облыстың қалалары мен селоларында еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік өрістеді. 21 декабрьде Горькийде 3 мыңнан аса үгітшілер мен насихатшылар сайлаушылар арасында болды. Олар алдағы сайлаудың маңызы туралы айтты. Көптеген қалалық және селолық үгіт пункттерінде партияның XIX съезі туралы және И. В.

Сталиннің сөздерінің саяси және өндірістік белсенділігі барған сайын артатын тусуде. Жергілікті партия ұйымдары ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, оларды алда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыра білулері керек.

Қысқы агротехникалық шаралар — егін шығымдылығын арттыра түсудің негізгі шарттарының бірі.

Әрбір колхоз, совхозда қысқы агротехникалық шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етейік!

Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі туралы баяндамалар оқылып, әңгімелер өткізілді.

УЛЬЯНОВСК. Облыста жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік өрістеді. Үгіт пункттері мен сайлау участоктері үшін үйлер іріктелініп алынды, сайлаушылардың тізімі жасалуда.

СОКП қалалық комитетінде қалалық және аудандық партия комитеттері секретарьларының жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік және саяси жұмыстарды өрістету мәселелері жөнінде кеңесі болып өтті.

ТАМБОВ. Еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық Советтері жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік жұмыстарын бастады. Сайлау округтерінің құру жүргізілуде, сайлау участоктері үшін үйлер іріктелініп алынууда. Тамбов ауданы селолық Советтері председателдері мен секретарьларының семинары сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірлену мәселесіне арналды.

Тамбовтың аудандық партия комитеттері кәсіпорындары мен мекемелер партия ұйымдары секретарьларының еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстарды өрістету мәселелері жөнінде нұсқау кеңесін өткізді.

22 декабрь. (СОТА).

жаңа жылға дейін толық орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Совхоздың басқа бөлімшелерінде де егістік алаңға қар тоқтату жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылған.

Р. ЖҰМАҒАЛИЕВ.

Совет халқының перзенті

Өскемен СЭС-і құрылысының бастығы
М. В. ИНЮШИНМЕН әңгіме

Сталин жолдастың инициативасы бойынша жүзеге асырылған, еліміздегі ең ірі құрылыстардың бірі Өскемен су электр станциясы — совет халқының табиғатты өзгерту жөніндегі ұлы программаны орындау үшін күресіндегі жаңа жеңісі болып табылады. Өскемен СЭС-і кенді Алтайдың өркендеп отырған өнеркәсібі мен Шығыс Қазақстанның ауыл шаруашылығын арзан электр қуатымен қамтамасыз етеді.

Өскемен СЭС-інің салынуы — социалистік экономиканың капиталистік экономикадан зор артықшылығының айқын дәлелі. Құрылыстың еліміздің ірі машина құрылысы орталықтарынан алшақ болуына қарамастан, бұл СЭС дүние жүзіндегі ең озат совет техникасының барлық талаптарына жауап бере алады. Совет Одағының ең ірі индустриялық орталықтарына тікелей жақын жерлердегі құрылыстар сыяқты бізде де құрылыс жұмыстары толық механикаландырылған.

Барлық ірі құрылыстар сыяқты, Өскемен СЭС-ін де бүкіл совет халқы салды. Совет Одағының 400 кәсіпорны Қазақстандық Днепр су электр станциясы үшін жабдықтар, материалдар жеткізді. Ленинград, Кашир, Лапасинск заводтары СЭС үшін барлық негізгі металл конструкцияларын әзірледі. «Среднегидроэнергострой» тресінің Ташкенттегі механикалық заводы электр қуатын берудің металл конструкциясын жіберді. Москваның, Свердловскінің, Омскінің, Саратовтың, Магнитогорскінің, Горькийдің, Куйбышевтің, Балтық маңындағы республикаларының, Урал мен

Колхозшылар егістік алаңның ылғалы көп болса, одан мол өнім алынатынын өздерінің көп жылғы тәжірибелерінен көріп келеді. Олар қар тоқтатуға жақсы әзірлікпен кірісіп, оны ойдағыдай жүргізуде.

Мұнда егістік алаңға қар бөгеуге арнаулы адамдар бөлінген. Ол адамдар егістік

реді. Осы інің күш б құрастырыл Жабдықт коллективте лақ асып, і істейтіндігін Құрылыстың ның машин цияларын а ұсыныстар атындағы а маңдары, бі Тарас Мехал Диков, басқ дері құрылы өздерінің қо тар мен меу станциялары тесті.

Украинаның заводтары түрлі жабдықтарды жеткізді. Ғасырлар бойына шыдайтын плотинаға Бузнецкінің, Магнитогорскінің, Искитимнің, Поволжьеңің заводтары әзірлеген цемент салынды. Станция құрылысы жұмыстарына қажетті ағаштарды Қыйыр Шығыстың ағаш кесушілері әзірледі.

Ертіс құрылысының заказдарын орындаушылар бұл заказдарды құрметті деп атады. Бұл заказтарды орындауда ерекше ұқыптылық, жоғары қарқын, жақашылдың байқалды. Сталин атындағы Ново-Краматорск машина құрылысы заводы әзірлеген, СЭС турбинасының жұмыс істейтін дөңгелектері алғашқы жоба бойынша тұтас болып жасалуға тиіс еді. Темір жол бойымен бұл мейлінше зор жүкті тасымалдауға мүмкіншілік болмады. Енді бір-ақ амал қалды, ол — бұл жүкті теңіз жолы, бұдан кейін Обь пен Ертіс арқылы жеткізу. Завод коллективі Ертіс электр станциясы құрылысшыларына құрылысты тез аяқтау жөнінде көмектесуге ұмтылып, дөңгелектің жаңа конструкциясын жасады. Коллектив дөңгелекті құрастырмалы етіп жасап шығарды, осының нәтижесінде дөңгелек электр станциясына ең қысқа мерзімде темір жол арқылы жеткізілді.

Біздің со темір жол, ты жұмысты құрылысымы терді бір ме ол, шамамен тін составты Бұл Москва жолға жетер

Өскемен С ликалық жә маңызды жә Веденеев ати зерттеу инст лективі шеш

Алайда, ег лысқа ең зор ды. Қазақста мен СЭС-і құ Республика інің жолдамас гіттер мен

Р М Ы С Ы

Индағы негізгі тұлға

дегі тәжірибе-
ікы сағатын-
өткен сабақ-
ышу үшін
бізміз. Бул

р қатысады.
ғып, өткен
білімдерін
е сөз бслып
ты сурақтар
ен тақырып-
кете ұғыну-
тындаушы-
береді. Ән-
қорытынды
бір толық
нықтырамын.
и тақырып-

өткізілген
ты әңгіме-
ндаушылар-
аударуға
мен бірге,
жасаймын.
арға қандай
к өкендігін
аяқтаймыз.
талқылаған

дайында-
әдіспен өт-
ріп келеді.
аққа белсе-
селес, Қа-
рышты өте

ақты пар-
қудан бас-
и келеміз.
ан күні
даушы пар-
ен жаба-
я ұйымы
Үйірмені

болған мұндай нақтылы басшылық тың-
даушылар арасында тәртіпті шығайта
түсеті. Олардың партиямыздың теориясы
мен тарихын үйренуге деген ынта-жіге-
рін арттырды.

Мен тыңдаушылардың сабақты жақсы
үлгеруіне көңіл бөлумен бірге, олардың
өткізілген тақырыптарға қысқаша кон-
спект жасап алуына көмектесемін. Бір-
сыпыра тыңдаушылар конспектіні қалай
жасауды үйренді. Дегенмен, мен олардың
да конспектілерін тексеріп, кемшіліктерін
айтып отырамын. Бұдан кейін олар кон-
спектінің жетіспеген жерлерін толықтыра-
ды. Өткізілген тақырыпты жете түсіну
және оны көпке дейін есте сақтау үшін
қысқаша конспект жасаудың зор маңызы
бар. Оны біздің тыңдаушылар жақсы бі-
леді.

Біз партиямыздың XIX съезінің мате-
риалдарын оқып, үйренуді бекітілген жа-
на жоспар бойынша өтуге қызу дайындық
жүргізіп жатырмыз. Мен бұл жаңа жос-
пармен толық таныстым. Жақында ау-
дандық партия комитеті партияның XIX
съезі материалдарын тыңдаушыларға қа-
лай оқып, түсіндіру жөнінде бізге нұсқау
беруге тиіс. Біз осыдан кейін іске жоспар
бойынша кіріскелі отырмыз.

Маленков жолда партияның XIX съезі-
нде жасаған баяндамасында: «Партия
ұйымдары партия мүшелерінің және пар-
тия мүшелігіне кандидаттардың арасында
олардың идеялық дәрежесін арттыру жө-
нінде үздіксіз жұмыс жүргізулері, олар-
ды марксизмге-ленинизмге үйретіп оты-
рулары, оларды саяси даярлығы бар,
саналы коммунистер етіп қалыптастырып
отырулары керек» деп көрсетті. Біздің
партия ұйымы бұл міндетті аброймен
жүзеге асыруда.

И. АРКАДЬЕВ,

Коннохов аудандық тұтынушылар
одағы партия ұйымы жанындағы

Вкладчиктер қатарын көбейте берейік

Біздің елімізде Мемлекеттік жыйнақ
кассалары халыққа қызмет етеді. Әрбір
қалада немесе ауданда ғана емес, көпте-
ген ауыл-селоарда да жыйнақ кассалары
бар. Олар еңбекшілердің ақша қаражатта-
рының сенімді, пайдалы және дұрыс сақ-
талуын, сақтық қаржысының көп жыйна-
луын қамтамасыз етумен бірге, халықтың
сақтық қаржысын еліміздің шаруашылық
және мәдениет құрылысын оған әрі өріс-
тету мақсатына қатыстырып отырады.

Кәзір ССРО-ның жыйнақ кассаларында
сақталатын вкладтардың сомасы соғысқа
дейінгіден әлде қайда артық. Сол сыяқ-
ты, жыйнақ кассаларындағы вкладчиктер-
дің саны да үздіксіз көбеюде. Мәселен,
біздің облысымыз бойынша ғана 1951
жылы және үстіміздегі жылдың 9 айы
ішінде вкладчиктер қатары 10 мың адам-
ға жуық артты.

Совет Одағында жыйнақ кассаларына
сақтауға берілген қаржы шаруашылық
және мәдени құрылысты, халықтың әл-
ауқат күйін өркендетуге пайдаланылады.
Сонымен бірге, әрбір вкладчик жыйнақ
кассасында сақталған қаржысына процент
есөбінде және ұтыс ретінде кіріс алып
отырады.

Совет үкметі вкладчиктердің мүдделерін
қатаң сақтайды. Бул, әсіресе, 1947 жылы
ақша реформасын жүргізгенде ерекше ай-
қын көрінді. Демек, 3000 сомға дейінгі
вкладтардың бір сомына бір сом төленетін
болып жеңілдік берілді, сөйтіп, вкладчик-
тердің 80 процентінің жыйнақ кассала-
рына салған қаржысы өзінің ресми сома-
сы қалпында сақталып қалды.

Бейбір адамдар жыйнақ кассаларына
сақтау үшін ірі соманы ғана беруге бола-
ды деп ойлайды. Бул, әрине, дұрыс емес.
Шындында, жыйнақ кассалары тек ірі со-
малы қаражаттарды ғана қабылдамайды,

сонымен бірге, еңбекшілерге аз-аздан ақ-
ша салу арқылы бағалы бір зат сатып
алу үшін қажетті мөлшерде қаржы жый-
науға көмектеседі.

Күнбе-күнгі қажеттен артық қаржыны
үйде сақтау мүмкін емес. Үйде сақталған
қаржы түрлі ұсақ-түйек шығындарға
жұмсалып кетеді. Ал, егер ондай артық
қаржы жыйнақ кассасында сақталса, вк-
ладчик ол қаржыны мұндай ұсақ-түйек
шығындарға жұмсаудан аулақ болады.

ССРО Министрлер Советі бекіткен ССРО
Мемлекеттік еңбек жыйнақ кассаларының
Уставы вкладчиктерге елауір праволар
мен жеңілдіктер береді. Ең алдымен, мем-
лекеттік еңбек жыйнақ кассаларына сеніп
тапсырылған ақша қаражаттары мен ба-
ғалы заттарға ССРО үкметі сеніп болады.

Жыйнақ кассаларындағы вкладтарға еш-
кім қол сұға алмайды. Вкладчик өз вк-
ладын кімге болса да және қандай ұйымға
болса да есеп етіп қалдыра алады. Ал,
жыйнақ кассалары вкладтардың құны-
сын сақтайды.

Жыйнақ кассаларының жұмысын оған
әрі жақсарту үшін вкладчиктер оған кө-
мек көрсетіп отырулары керек.

Кәзір облысымыздың жыйнақ кассала-
рының жұмысына байқау өткізілуде.
Жыйнақ кассаларының қызметкерлері мен
активтерінің міндеті еңбекшілер арасында
үгіт-түсінік жұмыстарын ойдағыдай жүр-
гізе отырып, вкладчиктер мен жыйнақ
кассаларының басқа да клиенттерінің ті-
легі мен талаптарына сөйкес жыйнақ кас-
саларының жұмысын мейлінше жақсарту,
вкладчиктер мен заем ұстаушылар қата-
рының көбеюін қамтамасыз ету болып
саналады.

А. КРИВОШЕЯ,

Облыстық жыйнақ кассасының
басшысы.

Болашақ шоферлар

«Транскадрлар»дың автомобиль мекте-
біндегі шоферлар даярлайтын 3 айлық

Оқу отличниктері Ф. Литвинов, К. Ра-
зов, Е. Велижанский, Е. Байгезин

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 22 декабрь. (СОТА). Корей
Халық -Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиесі бү-
гін Корей Халық армиясы құрамаларының
және қытай халық еріктілері бөлімдерінің
барлық майдандарда америка-ағылшын
интервенттері мен дисципинашыл әскерлер-
ге қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар
жүргізгендігін хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлім-
дері және жау самолеттерін атқыштар
бейбіт қалалар мен селоларды аюандық-
пен бомбалауға және пулеметпен атқылау-
ға қатысқан дұшпанның 14 самолетін
атып түсірді және 17 самолетін зияндады.

ФРАНЦУЗ ДЕМОКРАТИЯШЫЛ
БАСПАСӨЗІНІҢ ТУНИСТЕГІ
ОҚЫЙҒАЛАР ТУРАЛЫ ПІКІРІ

ПАРИЖ, 22 декабрь. (СОТА). Париж-
дың демократияшыл баспасөзі Тунистің
бейі француз ультиматумын қабылдауға
және француз үкметі қиліктіріп отырған
Тунистағы «реформа» деп аталатын екі
декретке өзінің мөрін басуға мәжбүр бол-
ғандығын хабарлайды. «Юманите» газеті
бейдің зорлық және қорқыту арқылы мұн-
дай келісімге келгенін атап көрсетеді. Сон-
дықтан да бұл келісімнің ешқандай заңды
күші болуы мүмкін емес.

«Либерасьон» газетінің хабарына кара-
ғанда, Тунистің коммунистік партиясы,
«Нео-дестур» және «Старый дестур» пар-
тиялары, сол сыяқты, Тунистің басқа да
саяси және кәсіподақ ұйымдары бұл ди-
рективаларды заңды деп есептемейтінді-
гін мәлімдеген. Атап айтқанда, «Нео-дес-
тур» партиясы саяси бюросының жария-
лаған мазмұндамасында тунис халқының
заңды талаптары қанағаттандырылғанша,
ол күресті жүргізе беретіндігі атап көрсетілген.

ФАШИСТЕРДІҢ ФРАНЦИЯДАҒЫ
ӨЗБІРІНІМІ

ның нәтижесінде совхозда мал қыстату жұмысы ойдағыдай орындалып келеді.

В. СКИБСКИЙ.

Үстеміздегі жылы Приешім ауданындағы Надеждинск жетіжылдық мектебі жанынан философия үйірмесі ұйымдастырылды.

СУРЕТТЕ: үйірме жетекшісі насихатшы **А. Сафиканов** жолдас үйірменің кезекті сабағын өткізуде.

газет сынын дұрыс деп тапты.

Аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжлісінде аудан колхоздарында мал қыстатудың жайы туралы мәселе қарап, жо-

герушілеріне бекітіліп

Қоғамдық малды күтатуды ойдағыдай аяққатар шаралар қараст

Петропавл торабы жаңа техникамен жабдықталуда

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі темір жол транспортының алдына халық шаруашылығын бұрынғыдан да дамыта беру үшін аса зор міндеттер қойды. Сталиндік бесінші бесжылдықтың ішінде жүк тасымалдау еселеген қарқынмен дамытылып, вагондардың айналымы тездетілуге тиіс, поездар жүрісінің хауіпсіздігі қамтамасыз етілуі қажет. Осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін бесінші бесжылдықтың жоспары бойынша темір жол транспортының көптеген тораптары автоматтық жұмысқа көшірілуі қажет. Басқаша айтқанда, поездардың жүрісі, оларды қабылдау, жөнелту, вагондарды тіркеу, ағыту, стрелкалар мен белгілерді бір орталыққа топтастырылған электр қуатының көмегімен басқару және автоматтық блокировка мен автостоптарды темір жол транспортының жүйесіне енгізу мақсаты қойылып отыр.

Мұндай орасан зор міндеттер тұңғыш рет біздің елімізде ғана жүзеге асырылмақшы және техниканың мұндай соңғы жетістіктерімен темір жол транспортында қолдану — адамды адам қанау негізінде құрылған капиталистік қоғам жойылған біздің елімізде, жұмысшыларымыздың техникалық білім дәрежесі инженер-техник қызметкерлерінің техникалық білім дәрежесіне жетіп қалған Советтік Отанда, халық шаруашылығын техниканың соңғы жетістіктерімен үздіксіз жабдықтап отырған совет мемлекетінде ғана мүмкін болып отыр.

Біздің елімізде темір жол транспорты мен социалистік халық шаруашылығына

керекті жүктерді тасудың мөлшерін бірнеше есе арттырып, оны тездетумен қатар, совет темір жол транспорты кәзіргі заманның үздік жаңа техникаларымен жабдықталуда.

Темір жол транспортының жұмысын сталиндік бесінші бесжылдықтың ұлы міндеттерін орындау тілегіне сәйкес бұрынғыдан да жақсырақ, бұрынғыдан да өмірге икемдірек етіп ұйымдастыру үшін байланыс пен хабарлау шаруашылығына, телеграфпен басқару және бақылау жасау жұмысына ерекше назар аударылып отыр. Әйткені, байланыс пен хабарлау жұмысы темір жол шаруашылығында поездардың жүрісін хауіпсіз етуді қамтамасыз ететін негізгі жауапты салалардың бірі болып табылады.

Петропавл темір жол станциясы негізгі Сибирь магистралі мен Қарағанды темір жолын қосатын жолдың негізгі торабы болып табылады. Петропавл торабы арқылы халық шаруашылығына керекті жүктер ерсілі-қарсылы үздіксіз тасылуда. Сондықтан Совет Одағының жол қатынасы Министралігі Петропавл торабын байланыс және хабарлаудың жаңа техникасымен жабдықтау жұмысын қолға алды.

Бұған дейінгі байланыс пен хабарлаудың құрылыстары станцияның келген поездарды қабылдап, өткізу мүмкіншілігін қамтамасыз ете алмауымен қатар поездар жүрісінің хауіпсіздігін де қамтамасыз ете алмауға айналды. Сондықтан поездардың жүрісін шапшаңдатып, станцияға келген поездарды қабылдап жөнелту мүмкіншіліктерін арттыру үшін, еңбек өнім-

ділігін жоғарылату үшін қолмен істелетін жұмыстардың барлығын электр қуатының көмегімен атқаратын техника күшіне көшірілетін болады.

Мұның мәнісі станцияда істейтін көптеген стрелочниктер мен хабарлаушылардың жұмысын электр қуатымен атқарылатын автоматтық басқару ісіне көшіру деген сөз. Поездардың келе жатқанын хабарлау, ол келіп тоқтайтын жолды босату және әзірлеу, оны жөнелту, бір поезға тіркеліп келген бір немесе бірнеше вагондарды ағытып, екінші бір поезға тіркеу жүк алып сапарға шыққан паровоздардың жолда кетіп бара жатқанда оның жөнделілігін немесе ақауы барлығын хабарлау қысқасы жүк тиелген составтар мен жолаушы поездарын қабылдап, станциядан жөнелтуге байланысты жұмыс істейтін жүздеген жұмысшылардың жұмысын ошақты адамдардың көмегімен электр қуатына сүйене отырып, телефон, телеграф, сигнал және стрелкалар арқылы атқару деген сөз.

Бұл өте күрделі, өте жауапты, сонымен қатар өте қуанышты оқыйға болып табылады. Міне, осы сыяқты, темір жол транспортының алдында тұрған міндетті шешу үшін Совет үкметі көптеген қаражат босатып отыр. Текқана Петропавл торабын байланыс және хабарлау жөніндегі техниканың соңғы жетістіктерімен жабдықтау ісіне біздің туған мемлекетіміз 8 миллион сом қаражат бөліп отырғандығын айтсақ, бүкіл елімізде бұл жұмысқа орасан көп қаражат шығарылып отырылғандығы өзінен өзі түсінікті болады.

Петропавл темір жол торабында стрелочниктер мен сигналдарды электр қуаты

арқылы бір орталыққа топтастыру үшін үш қабат үй — телеграф және телефон арқылы басқарып, бақылап отыратын бір орталық пост салынды. Оған Макушино мен Есілкөл арасындағы поездардың жүрісін басқарып отыратын орталық аппарат басқармасы орнатылды. Бұл аппаратта станцияға келе жатқан поездар мен станциядан жөнелтілген поездардың қашықтығы, жүрісі, оның хауіпсіздігі электрдің әртүрлі жарығымен жапатын кнопка және лампочкалар арқылы аппаратта істеп отырған адамға көрініп отырады. Ол адам паровоздың машинанысымен сөйлесуге, оның жолының бүтін немесе бүтін емесігін хабарлап отыруға толық мүмкіншілігі бар. Басқару аппараты тұрған үйдің бірінші, екінші этаждарына электр аппаратурасы орнатылған. Сол арқылы поездарды басқару, бақылау жұмысы жүзеге асырылып отырылады. Басқару аппаратымен бірге радио қабылдағышы бар телефон коммутаторы орнатылған. Бұл арқылы Макушино мен Есілкөл арасындағы жолда кетіп бара жатқан барлық поездармен сөйлесуге, олардың жұмысын басқарып, бақылап отыруға, бола қалған күнде поездың алдындағы хауіпті алдын ала ескертіп, оны болдырмауға толық жағдай жасалған.

Совет инженерлерінің қажырлы еңбегімен жасалынған электрленген басқару аппараты кәзір Петропавл торабында орнатылып, оның бірінші бөлегі жуырда пайдалануға беріледі.

М. МҰХАМЕТРАҚЫМОВ,

№ 2 байланыс және хабарлау дистанциясының инженері.

ҚКП Октябрь аудан ауылшаруашылық бө

ҚАЛАНЫ ҮН

Еңбекшілер деп Петропавл қаласы

Қалалық тұрғындардың үйлерінің мәткомі **ҚАУЛЫ ЕТТ**

1. Еңбекшілер д жүзеге асыру мақсат шев (жүп жағы), П участкаларындағы үйле тазалау ісін жоспарл коммуналдық шаруаш

2. Жолдарында көр орындары мен мекем варьдан кешіктірмей

а) Санитарлық жататын үйлердің сан саны, санитарлық уст төгетін жәшіктердің с

б) санитарлық оң төгетін жәшіктер жөн тиісті тәртіпке келті

в) 1953 жылғы сұйық лай сулардан мекемесімен шарт жа

3. Осы міндетті коммуналдық шаруаш жүктелсін.

4. Осы міндетті 100 сом мөлшерінде на жіберіледі.

5. Міндетті қарап және Петропавл қала

«УДАРНИК» ҚИ

«КАРДИНАЛ

Сеанстар 6-8-10-да б
Касса сағат 3-тен ба

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе